

**Өнеркәсіптегі
метеорологиялық
жағдай**

? Еңбек адамның өзін жақсы сезінуі мен еңбекке қабілеттілігі еңбек процесіндегі оны қоршаған метеорологиялық ортаға байланысты. Метеорологиялық жағдайды бірнеше фактормен түсіндіруге байланысты метрлік қысым және жылу сәулелері. Бұл факторлардың біртұтастығы өндірістік микроклимат деп аталады. Өндірістік метеорологиялық параметрлер ортада адамды қолайлы немесе қолайсыз сезінуге әкелуі мүмкін.

Өндірістік бөлмелеріндегі **метеорологиялық жағдайлар**, жұмыс орнындағы температурамен, ылғалдылықпен, ауаның қозғалу жылдамдығымен және техникалық аппараттар мен құрал-жабдықтардың қыздырылған бетінің жылулық сәулелерімен сипатталады



Өндірістік орындарда микроклимат.

Өндірістік бөлмелердің микроклиматы – бұл солардың ішкі ортасындағы метеорологиялық жағдайлары, олар адамға әсер ететін температураның, ылғалдың, ауа қозғалысы жылдамдығының, сондай-ақ технологиялық жабдықты, құрылымды қоршайтын бетті және жылулық сәулелену температурасының байланыстарымен анықталады

Микроклиматты сипаттайтын көрсеткіштер: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы және жылулық сәулеленудің қарқындылығы болып табылады. Микроклиматты жұмысшылардың тұрақты немесе уақытша болатын орындар деңгейінде 2м дейінгі биіктіктегі кеңістікті білдіретін жұмыс аумағында бағалайды.



МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

? Белгілі бір аудандағы белгілі бір кезеңдегі немесе уақыттағы метеорологиялық элементтердің жиынтығы. Метеорологиялық жағдайлар қаруды, әскери техниканы пайдалануға, әскерлердің (флот күшінің) ұрыс қимылына, тыл жұмысына әсерін тигізеді және ұрыс жағдайының элементі болып табылады. Метеорологиялық жағдайлар температурамен, ылғалдылықпен, ауаның тазалығымен, атмосфералық қысыммен, желдің жылдамдығымен және бағытымен, күн радиациясымен, Жердің және атмосфераның жылулық сәулеленуімен, бұлттылықпен, күннің күркіреуімен, дауылдармен және тағы да басқа метеорологиялық элементтермен сипатталады. Метеорологиялық жағдайлардың қарулы күштер мен әскер түрлерінің ұрыс қимылдарына әсері әр түрлі болады. Авиация қозғалысына бұлттылық, тұман, жанбыр, қар, күн күркіреу, көктайғақ, ауадағы мұз қату, шаңды дауыл, қатты жел, ауаның температурасы, яғни ұшақтар мен тікұшақтардың ұшуы мен қонуын қиындататын, кейде ұшырмай тастайтын жағдайлар әсерін тигізеді. Метеорологиялық жағдайлар жергілікті жерден өткенде, су бөгеттерін шабуылдап өтуде, кемелердің жүзуіне және олардың қару-жарақ пен техникалық құралдарды пайдалануына әсерін тигізеді. ↓

Антропогендік қауіп-қатер адамдардың шаруашылық іс-әрекетінің және өзі құрған объектілерінің жұмысының нәтижесінде пайда болып, адамдардың денсаулығына және өмір сүру ортасына кері әсерін тигізетін құбылыс. Адамдардың шаруашылық іс-әрекетінен өмір сүру ортасына кері әсерін тигізетін негізгі фактордардың бірі атмосфералық ауаның былғану көздері. Атмосфералық ауа – бұл азоттан, оттегіден, көмір қышқыл газынан, озоннан, гелийден және басқа газдардан тұрады. Жоғарыдағы газдардың ішіндегілердің адамға өте керектісі оттегі. Себебі адам организмінде оттегі қоры шектеулі және ол бар жоғы 2-3 минутқа қана тыныс алуға жетеді. Ал 5 минут өтсе, адамға оттегі жетіспегендіктен, оның ми қабатының жұмысы тоқтап, биологиялық өлімге әкеледі. Атмосфераның әр түрлі зиянды заттармен ластануы, адамдардың ауруына ықпалын жасайды. Атмосфералық ауаны ластайтын негізгі антропогендік көздерге өнеркәсіп орындары, жылу энергетикасы мен көліктер жатады.

? Ауа ортасының метеорологиялық параметрлері адам организміне зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін айтарлықтай арттыра алатынын атап өту керек. Мысалы, ауа температурасы жоғары болған кезде, тері ұлпалары ұлғаяды, тер бөлу артады, тыныс алу жиілейді, осының барлығы зиянды заттардың организмге тез енуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, жоғары температура кезінде булану мен заттардың ауада қалқу жылдамдығы артады, ол жұмыс зонасы ауасындағы ластаушылар концентрациясының өсуіне әкеп соқтырады. Осыған қоса ауа қозғалысы зиянды заттардың ғимарат ішінде орын ауыстыруларын анықтайды, шаңның тұнуына кері әсерін тигізеді. Ауаның төмен температурасы кезінде дірілдің жағымсыз әсері артады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**